



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында ағартушы ұстаз Ахмет Байтұрсынның 150 жылдығына және оның әдеби шығармашылығына арналған іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты—халық әдебиетін насихаттау, оқушыларға патриоттық тәрбие беру, рухани мұраны сақтау.



Қарттарымыз
аман болсын!



"Қарттарын
қадірлеген ел
қадірлі"



2023

1-қазан қарттар мерекесіне орай, Оқуға құштар жобасы аясында "Қарттарын қадірлеген ел қадірлі" тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Мұзафар Әлімбаевтың "Үлкендерден үйренейік", Бек Тоғысбаевтың "Өкенде бала болған", Әлібек Асқаровтың "Кешегі күннің хикаясы" т. б кітаптар және Білезік журналдары қойылды.

Кітапханашы: А.А. Мугадесова



28-қыркүйек ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан шоқтығы биік жазушылардың туған күні.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың туғанына 126 жыл, жазушы драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл, жазушы, журналист Шерхан Мұртазаның туғанына 91 жыл. Осыған орай, Оқуға құштар жобасы аясында "Ұлы тұлғалар туған жыл" атты іс-шара өткізілді. Іс—шараның мақсаты: Оқушыларға ұлы тұлғаларымыздың өмірбаяны мен шығармашылығын, еңбек жолын таныстыру және толық мәлімет беру.



Оқуға құштар жобасы аясында МАД тобының бүлдіршіндерінің қатысуымен "Кітаптар қаласына саяхат" атты іс—шара өткізілді. Бүлдіршіндер кітапханаға алғаш қадам басты. Іс—шараның мақсаты: МАД тобының подразделение кітапхананы көрсете отырып, түрлі ертегі, көркем әдебиеттермен, оқулықтармен таныстыру.

Кітапханашы: А. А. Мугадесова



Жаңажол ЖББОМ бойынша жаңа оқу жылы қарсаңында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында кітапхана қоры түрлі—түсті, қызықты көркем әдебиеттермен толықтырылды.
@mugalzhar_bilim_bolimi